

1. Теңдеуді шешіңіз / Решите уравнение

$$\frac{\frac{2}{3}}{\frac{1}{2}x + \frac{1}{3}} - \frac{1}{6} = \frac{1}{30}$$

- A) 3
- B) 5
- C) 7
- D) 6
- E) 10

2. Сатылымдағы тауардың бағасы 20% арзандады. Бастапқы бағасына қайта келтіру үшін қанша пайызға көтеру керек?

На товар сделали 20% скидку. На сколько процентов необходимо увеличить цену, чтобы вернуться к первоначальной цене?

- A) 20%
- B) 22%
- C) 23%
- D) 24%
- E) 25%

3. Есептеңіз / Вычислите

$$(-1) + (-1)^2 + (-1)^3 + (-1)^4 + (-1)^5 + \dots + (-1)^{2018} = ?$$

- A) 1
- B) 2018
- C) 0
- D) 1009
- E) -2018

4. Моторлы қайық А пунктiнен В пунктiне өзен ағысымен 6 сағат, ал ағысқа қарсы 8 сағат жүзедi. Өзен ағысының жылдамдығы сағатына 3 км болса, моторлы қайықтың жылдамдығын табыңыз.

Моторная лодка добирается с пункта А до пункта В по течению реки за 6 часов, а против течения за 8 часов. Если скорость течения равна 3 километра в час, то чему равна скорость моторной лодки?

- A) 18 км/с / км/ч
- B) 19 км/с / км/ч
- C) 20 км/с / км/ч
- D) 21 км/с / км/ч
- E) 22 км/с / км/ч

5.  $a + b = 2$  үшін өрнектің мәнін табыңыз / Найдите значение выражения, при  $a + b = 2$

$$5(4a + 2b) + 2(7a + 12b)$$

- A) 34
- B) 38
- C) 44
- D) 56
- E) 68

6. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін санды табыңыз

Определите число, соответствующее вопросительному знаку

4, 16, 36, 64, ?

- A) 96
- B) 100
- C) 104
- D) 116
- E) 124

7. Теңдеуді шешіңіз / Решите уравнение

$$\frac{x}{2,7 + 8,8} = \frac{2\frac{3}{5}}{10 - 7,7}$$


- A) 11
- B) 12
- C) 13
- D) 14
- E) 15

8. Теңдеуді шешіңіз / Решите уравнение


$$3 - \frac{1}{3 - \frac{1}{3 - \frac{1}{x}}} = \frac{34}{13}$$

- A) 1
- B) 2
- C) -1
- D) -2
- E) 3

9. Тор көздегі **сызықтармен** тек Шығыс және Солтүстік бағыттары бойынша жүруге болады. А пунктінен В пунктіне жетудің қанша жолы бар?



Сколько различных путей существует от А до В, если можно перемещаться **по линиям** этой сетки только в направлениях Север и Восток?



- A) 14
- B) 13
- C) 11
- D) 10
- E) 9

10. Егер тіктөртбұрыштың ені екі есе артып, ұзындығы 3 см-ге ұзарса, онда ауданы үш есе артады. Тіктөртбұрыштың бастапқы ұзындығы қандай?

Если ширина прямоугольника увеличится в два раза, а длина увеличится на 3 см, то площадь увеличится в три раза. Какова первоначальная длина прямоугольника?

- A) 1 см
- B) 2 см
- C) 3 см
- D) 6 см
- E) 9 см

11. Мұғалім сыныпқа кәмпиттер алып келді. Әр оқушыға 7 кәмпиттен таратқан жағдайда, 10 кәмпит қалып қояды. Әр оқушыға 8 кәмпиттен таратса, 5 кәмпит қалып қояды. Әр оқушыға  $X$  кәмпиттен таратқан кезде, кәмпит мүлдем қалмайды.  $X$ -тің мәнін табыңыз.

Учитель принес в класс конфеты. Когда 7 конфет раздаются каждому ученику, остается 10 конфет. Когда 8 конфет раздаются каждому ученику, остается 5 конфет. Если раздать  $X$  конфет каждому ученику, тогда конфет не останется. Найдите значение  $X$ .

- A) 4
- B) 5
- C) 9
- D) 10
- E) 11

*Берілген мәліметтерді қолдана отырып, төмендегі 12-13 сұрақтарға жауап беріңіз.  $KLMN$  тіктөртбұрышының  $K(-2;-3)$ ,  $L(2;4)$ ,  $M(-2;4)$  болатын үш төбесінің координаталары берілген.*

*Решите вопросы 12-13 используя следующие данные. Даны координаты трех вершин  $K(-2;-3)$ ,  $L(2;4)$ ,  $M(-2;4)$  правильного четырехугольника  $KLMN$ .*

12.  $N$  нүктесінің координатасын табыңыз

Найдите координаты точки  $N$

- A)  $N(2;7)$
- B)  $N(2;-3)$
- C)  $N(-2;4)$
- D)  $N(4;4)$
- E)  $N(2;-7)$


13.  $KLMN$  тіктөртбұрышының ауданын табыңыз

Найдите площадь прямоугольника  $KLMN$

- A) 25
- B) 36
- C) 16
- D) 28
- E) 24

14. Үлкен дисктің 30 тісі бар, ал кіші дисктің 20 тісі бар. Екі диск бастапқы қалпына келулері үшін, үлкен диск кемінде қанша айналым жасауы керек?


Большая шестеренка состоит из 30 зубчиков, а маленькая из 20 зубчиков. Через сколько минимальных вращений большой шестеренки обе шестеренки встанут в первоначальное положение?



- A) 1
- B) 2
- C) 3
- D) 5
- E) 7

15. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін сурет

Рисунок соответствующий вопросительному знаку



- A
- B
- C
- D
- E



19. Он бес жұмысшы 6 күнде 90 үйді бояйтын болса, жиырма жұмысшы 4 күнде неше үйді бояйды?

Если пятнадцать рабочих красят 90 домов за 6 дней, то сколько домов покрасят двадцать рабочих за 4 дня?

- A) 100
- B) 70
- C) 60
- D) 90
- E) 80

20. Теңсіздікті шешіңіз / Решите неравенство

$$7(9 + 4x) - 3 < 8x - 20$$


- A)  $x > 4$
- B)  $x < 2$
- C)  $x > 1$
- D)  $x < -2$
- E)  $x < -4$

21. Теңдеу жүйесін шешіңіз / Решите систему уравнений

$$\begin{cases} \frac{x}{2} - \frac{y}{3} = -2 \\ 2x - y = -3 \end{cases}$$

- A) (6; 15)
- B) (6; 12)
- C) (-6; 12)
- D) (6; -15)
- E) (6; 9)

22. Фигураның көлемін табыңыз / Найдите объем фигуры



- A)  $400 \text{ cm}^3$
- B)  $410 \text{ cm}^3$
- C)  $450 \text{ cm}^3$
- D)  $480 \text{ cm}^3$
- E)  $500 \text{ cm}^3$


23. Айбек емтиханда әр сұраққа 3 минут жұмсайды, Мақсат әр сұраққа 1 минут жұмсайды. Егер Мақсат емтиханды бір сағат бұрын бітірсе, Айбек барлық сұрақтарға жауап беру үшін қанша уақыт жұмсады?

На экзамене Айбек тратит на решение одной задачи 3 минуты, а Мақсат - 1 минуту. Если Мақсат закончил экзамен на час раньше, то сколько времени потребовалось Айбеку чтобы решить все задачи?

- A) 1 сағат/час 15 минут
- B) 1 сағат/час 20 минут
- C) 1 сағат/час 25 минут
- D) 1 сағат/час 30 минут
- E) 1 сағат/час 40 минут

24. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін сан

Число соответствующее вопросительному знаку



- A) 12
- B) 15
- C) 18
- D) 21
- E) 24



25. Егер “ $\Delta$ ” мәні  $a\Delta b = a^3 + b$  өрнегімен анықталса, онда  $3\Delta(2\Delta 1)$  мәнін табыңыз

Если значение “ $\Delta$ ” определяется выражением  $a\Delta b = a^3 + b$ , тогда найдите значение  $3\Delta(2\Delta 1)$

- A) 12
- B) 14
- C) 36
- D) 48
- E) 54

26. Суретте электронды сағат көрсетілген. Кем дегенде қанша уақыттан кейін электронды сағаттың цифрлары бірдей болады?

На картинке показаны электронные часы. Через какое минимальное время цифры на электронных часах будут одинаковыми?



- A) 60 минут 13 секунд
- B) 66 минут 3 секунд
- C) 67 минут 14 секунд
- D) 68 минут 14 секунд
- E) 7 минут 3 секунд

27. Егер  $A + B = 12$ ,  $B + C = 10$  және  $C + D = 16$ , онда  $A + D = ?$

Если  $A + B = 12$ ,  $B + C = 10$  и  $C + D = 16$ , то  $A + D = ?$

- A) 12
- B) 14
- C) 16
- D) 18
- E) 20

28. 10 мен 100 арасында 7-ге қалдықсыз бөлінетін қанша бүтін сан бар?

Сколько целых цифр между 10 и 100 делятся на 7 без остатка?

- A) 12
- B) 13
- C) 14
- D) 15
- E) 16

29. Төмендегі 4x4 кестенің әрбір жолы мен бағанасында 1, 2, 3, 4 сандары орналасуы керек. 1, 2, 3, 4 сандары тігінен және көлденеңінен қайталанбауы тиіс.  $a + b$  мәнін табыңыз.

Каждая строка и каждый столбец приведенной ниже таблицы 4x4 заполняются цифрами 1, 2, 3, 4. При этом цифры 1, 2, 3, 4 не должны повторятся по вертикали и по горизонтали. Найдите значение  $a + b$ .

1	2	3	4
2			1
3		$a$	
4			$b$

- A) 2
- B) 3
- C) 4
- D) 5
- E) 6

30. Шахмат жарысында барлығы 15 ойын болды. Егер әр қатысушы бір-бірімен ойнап шықса, жарысқа барлығы қанша адам қатысты?

На шахматном турнире всего было сыграно 15 игр. Если каждый участник сыграл друг с другом, то сколько всего человек участвовали в турнире?

- A) 5
- B) 6
- C) 7
- D) 8
- E) 9

31. Егер бүгін жұма болса, 333 күннен кейін аптаның қай күні болады?  
Если сегодня пятница, то какой день недели будет через 333 дня?

- A) Сейсенбі / Вторник
- B) Сенбі / Суббота
- C) Бейсенбі / Четверг
- D) Жұма / Пятница
- E) Жексенбі / Воскресенье

32. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін сөз

Орман – Ағаш

Ағаш –?

Слово соответствующее вопросительному знаку

Лес – Дерево

Дерево - ?

- A) Өсімдік / Растение
- B) Жапырақ / Лист
- C) Құс / Птица
- D) Тамыр / Корень
- E) Жидек / Ягода

33. 6 «А» сыныбының жиналысына 28 оқушының ата-аналары келді. Жиналысқа келген аналардың саны – 24, әкелердің саны –13. Жиналысқа қанша оқушының әрі әкесі, әрі анасы келді?

На родительское собрание 6 «А» класса пришли родители 28 учеников. Мам было 24, а отцов – 13. У скольких учеников на собрание пришли одновременно оба родителя?

- A) 13
- B) 24
- C) 9
- D) 7
- E) 4

34. Сағаттың секунд тілшесі минут тілшесінен неше есе жылдам қозғалады?

Во сколько раз секундная стрелка движется быстрее минутной?

- A) 2
- B) 60
- C) 360
- D) 2160
- E) 3600

35. Ағаш кубын бояуға 10 грамм бояу кетті. Кептірілгеннен кейін куб 8 бірдей кіші кубтарға бөлінді. Пайда болған кубтардың боялмаған беттерін бояу үшін қанша грамм бояу керек?

На окраску деревянного куба ушло 10 грамм краски. Когда она высохла, куб распилили на 8 одинаковых кубиков меньшего размера. Сколько краски потребуется для того, чтобы закрасить образовавшиеся при этом неокрашенные поверхности?

- A) 5 грамм
- B) 10 грамм
- C) 15 грамм
- D) 20 грамм
- E) 25 грамм

36. Балықшы салмағы әртүрлі 5 балық (А, В, С, D, E) аулады:
- А-ның салмағы В-дан екі есе артық;
  - В-ның салмағы С-дан төрт жарым есе артық;
  - С-ның салмағы D-ның салмағынан екі есе аз;
  - D-ның салмағы E-нің салмағынан екі есе аз;
  - E-нің салмағы А-ның салмағынан аз, бірақ С-ның салмағынан көп.
- Ең жеңіл балықты анықтаңыз

Рыбак выловил 5 рыб (А, В, С, D, E), каждая из которых имеет разный вес:

- А весит в два раза больше чем В;
- В весит в четыре с половиной раза больше чем С;
- С весит вдвое меньше чем D;
- D весит вдвое меньше чем E;
- E весит меньше А, но больше С.

Определите самую легкую рыбу

- A) А
- B) В
- C) С
- D) D
- E) E

37. Қорапта 50 қызыл, 50 жасыл және 50 сары қарындаштар бар. Қораптың ішіне қарамай кем дегенде қанша қарындаш алған кезде, арасында міндетті түрде 1 қызыл және 1 сары қарындаш болады?

В ящике лежат 50 красных, 50 зелёных и 50 желтых карандашей. Какое наименьшее количество карандашей необходимо достать, не заглядывая в ящик, чтобы среди них обязательно нашлись по крайней мере 1 красный и 1 желтый?

- A) 2
- B) 4
- C) 101
- D) 150
- E) 50

38. Бахтияр бір жылдық жұмыстың нәтижесінде автокөлік пен 3200 тенге алатын болып жұмысқа орналасты. Бірақ 8 айдан кейін ол жұмыстан шығып, еңбекақысына автокөлік пен 1200 тенге алды. Автокөліктің бағасы қанша?

Бахтияр согласился работать с условием, что после одного года работы он получит автомобиль и 3200 тенге. Но по истечении 8 месяцев он уволился и при расчёте получил автомобиль и 1200 тенге. Сколько стоил автомобиль?

- A) 2000 тенге
- B) 2200 тенге
- C) 2400 тенге
- D) 2600 тенге
- E) 2800 тенге



39. Кітаптың қатарынан тұрған бірнеше парақтары түсіп қалды. Түскен парақтың бірінші бетінің номері 27, ал соңғысының номері біріншісінің екі есесі. Кітаптың неше парағы түсіп қалған?

Из книги выпало несколько листов, идущих подряд. Первая страница выпавшего листа имеет номер 27, а номер последней в два раза больше первой. Сколько листов выпало из книги?

- A) 12
- B) 14
- C) 16
- D) 20
- E) 27

40. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін сурет

Рисунок соответствующий вопросительному знаку



**Қазақ тілі  
(қазақ тобы)**

41. «Шеше, неше кесе сынды кеше?» жаңылтпашында қандай сан есімнің мағыналық түрінің сұрағы бар:
- A) Topтау  
 B) Болжалдық  
 C) Есептік  
 D) Реттік  
 E) Белгісіздік

42. Етістің түрлері мен мысалдарын сәйкестендіріңіз:


1	Өздік етіс	A	төленді, айтылды
2	Өзгелік етіс	B	көтерісті, сөйлесті
3	Ырықсыз етіс	C	жуын, киін
4	Ортақ етіс	D	келтір, айтқыз

- A) 1 – D, 2 – A, 3 – B, 4 – C  
 B) 1 – A, 2 – C, 3 – B, 4 – D  
 C) 1 – C, 2 – D, 3 – A, 4 – B  
 D) 1 – B, 2 – C, 3 – D, 4 – A  
 E) 1 – A, 2 – C, 3 – D, 4 – B

43. Адамдардың бәріне түсінікті, жалпыға ортақ тілдің атауын белгілеңіз:

- A) Ана тіл  
 B) Әдеби тіл  
 C) Ауызша сөйлеу  
 D) Үндестік заңы  
 E) Ресми тіл

44. Төмендегі кестені негізге ала отырып, күрделі сөздерге жатпайтын қатарды белгілеңіз:



- A) қысқарған сөз  
 B) біріккен сөз  
 C) туынды сөз  
 D) тіркесті сөз  
 E) қос сөз

45. Төменде берілген сөздердің қайсысы немесе қайсылары дұрыс жазылғанын табыңыз.


- |              |             |
|--------------|-------------|
| 1) әлденеше  | 5) әр бір   |
| 2) көзбе көз | 6) ешжерде  |
| 3) әлдекім   | 7) ешбала   |
| 4) бір талай | 8) кей адам |

- A) тек 2
- B) 1, 3, 8
- C) 4, 5, 6
- D) 6, 7
- E) 1, 3

46. Құрамында сын есімнен жасалған қос сөзі бар қатарды белгілеңіз:

- A) Тау-тасқа өрмелеп шығып жүр.
- B) Топ-томпақ болған бала бейнесі көз алдымнан кетер емес.
- C) Дәл қазір той-думанның көркіне айналғандай.
- D) Кемшілік атаулыны түп-тамырымен жоятын кез жетті.
- E) Өзінен-өзі шошынып жүр.

47. Кестедегі бос орынға сәйкес келетін қатарды белгілеңіз:



- A) Күрделі еліктеу сөз
- B) Күрделі етістік
- C) Күрделі одағай
- D) Күрделі үстеу
- E) Күрделі есімдік

48. Төменде мәтіннің сөз саптау тәсіліне қарай мәтін түрлерінің анықтамалары берілген, ал атауларының орнына сан берілген. Санның орнына сәйкес келетін мәтін атауларын белгілеңіз:

- I - *нақты адам әрекеттері немесе нақты бір оқиғалар туралы хабарлай отырып, сол әрекеттердің, оқиғалардың даму ретін көрсетеді.*
- II - *қоршаған ортадағы белгілі бір құбылысқа немесе затқа тән белгілерді сөзбен бейнелеп көрсетеді.*
- III - *белгілі бір ойды таратып, түсіндіру, талдау, бекіту сипатында айтылады.*

	- I -	- II -	- III -
A)	Сипаттау	Пайымдау	Баяндау
B)	Пайымдау	Баяндау	Сипаттау
C)	Сипаттау	Баяндау	Пайымдау
D)	Баяндау	Сипаттау	Пайымдау
E)	Баяндау	Пайымдау	Сипаттау

49. Күрделі сын есімді белгілеңіз.

- A) жақсы
- B) сары
- C) тұщы
- D) көкпеңбек
- E) үлкен

50. «Бау» буынынан дара сөз жасалса «✓», күрделі сөз жасалса «✖» белгісін қойыңыз.

Бау-бақша		Баулушы	
Баулы		Баушы	
Баукеспе		Баула	
Бауыр		Баура	

Жоғарыдағы кестеге қанша «✖» қойдыңыз?

- A) 2
- B) 3
- C) 4
- D) 5
- E) 6



Қазақ тілі  
(өзге ұлт тобы)

41. Төменде берілген сөздердің қайсысына сөз түрлендіруші жұрнақ жалғанғанын белгілеңіз:

- |             |           |
|-------------|-----------|
| 1) таулы    | 5) балгер |
| 2) сандықша | 6) үйлер  |
| 3) жолдас   | 7) үйшік  |
| 4) достар   | 8) балаға |

- A) тек 5
- B) 2, 3, 8
- C) 4, 5, 6
- D) 2, 7
- E) 1, 3, 5

42. Төменде берілген мақал-мәтелдегі асты сызылған сөздерге қандай жалғау жалғанғанын белгілеңіз:

«Нан – тамақтың атасы, ынтымақ – көптің батасы»

- A) Тәуелдік жалғауының III жағы;
- B) Жіктік жалғауының III жағы;
- C) Жатыс септігі;
- D) Ілік септігі;
- E) Тәуелдік жалғауының II жағы;

43. Көптік мағынаны білдіретін сөзді белгілеңіз:

- A) бала
- B) бидай
- C) балға
- D) кәсіп
- E) доп

44. Сөз түрлендіруші жұрнақтарды анықтаңыз.

- A) -лық, -лік;
- B) -гер, -паз;
- C) -ырақ, -ірек;
- D) -шы, -ші;
- E) -ға; -ге;

45. Көмектес септігінің жалғауы жалғанған сөзді анықтаңыз.

- A) Таңертең апама көмектестім;
- B) Мектепте үйірме жұмыстары басталды;
- C) Жиналыста әкеммен қатар отырдым;
- D) Сыныпта әдемі гүлдерді түптедік;
- E) Баланың атасы келді;

46. Ілік септігі **дұрыс жалғанбаған** сөзді табыңыз.

- A) Оқушының дәптері.
- B) Үйдің ауласы.
- C) Балаларның ойыны.
- D) Кітапхананың есігі.
- E) Топ басшыларының жиналысы.

47. Септіктің атаулары мен мысалдарын сәйкестендіріңіз:

1	Атау септігі	А	шанаға
2	Ілік септігі	В	ретімен
3	Барыс септігі	С	бала
4	Табыс септігі	Д	қаланың
5	Жатыс септігі	Е	шетінен
6	Шығыс септігі	Ғ	есікті
7	Көмектес септігі	Г	баяғыда

- А) 1 – Е, 2 – А, 3 – В, 4 – С, 5 – D, 6 – F, 7 – G,  
 В) 1 – G, 2 – С, 3 – В, 4 – Е, 5 – А, 6 – F, 7 – D,  
 С) 1 – С, 2 – D, 3 – А, 4 – F, 5 – G, 6 – Е, 7 – В  
 D) 1 – В, 2 – С, 3 – D, 4 – F, 5 – G, 6 – Е, 7 – А  
 Е) 1 – А, 2 – F, 3 – D, 4 – В, 5 – С, 6 – Е, 7 – G

48. Жұрнақ түрлерін белгілеңіз:

- А) Септеулік, демеулік  
 В) Жіктік, септік  
 С) Жұрнақ, жалғау  
 D) Жалғаулық, жекіру  
 Е) Сөз тудырушы, сөз түрлендіруші

49. *Кітап... парағы* - деген тіркестегі көп нүктенің орнына сәйкес келетін ілік септігінің жалғауын белгілеңіз:

- А) -тың  
 В) -тің  
 С) -тан  
 D) -ген  
 Е) -пен

50. Суреттердің орнына сәйкес келетін табыс септігінде тұрған сөздерді белгілеңіз:



- А) тиынның, баланың  
 В) құспен, қарындаспен  
 С) күшіктен, үлкенге  
 D) жануардың, қорғаушының  
 Е) қоянды, батырды

Қазақстан тарихы  
История Казахстана

51. Қағазға басу үшін жұмсақ материалға (балшық, балауыз т.б.) ойылып түсірілген суретті таңба:

- А) пұт                    В) мөр  
С) ретушь            D) қырғыш  
Е) болас

51. Знак, символизирующий власть, представляет собой рисунок или другое изображение, выгравированное на мягком материале (глина, воск и др.):

- А) идол                  В) печать  
С) ретушь              D) скребок  
Е) болас

52. Оқиғалардың хронологиялық ретін анықтаңыз:

1. Ұлы Қытай қорғанының салына бастауы  
2. Каталаун шайқасы  
3. I Дарийдің сақ-массагеттерге жорығы

- А) 3, 1, 2            В) 1, 3, 2            С) 2, 1, 3  
D) 1, 2, 3            E) 3, 2, 1


52. Установите хронологический порядок событий:

1. Начало возведения Великой китайской стены  
2. Каталаунская битва  
3. Поход персидского царя Дария I на саков-массагетов

- А) 3, 1, 2            В) 1, 3, 2            С) 2, 1, 3  
D) 1, 2, 3            E) 3, 2, 1

53. Сақ тайпаларының атауларын картадағы мекендеген территориясын көрсететін реттік санымен сәйкестендіріңіз:

53. Соотнесите названия племен саков с порядковым номером, указывающим территорию расселения на карте:



- А) 1-қаңлылар, 2-гиркандар, 3-дайлар  
В) 1-үйсіндер, 2-аргиппейлер, 3-исседондар  
С) 1-сарматтар, 2-аримаспылар, 3-массагеттер  
D) 1-аргиппейлер, 2-исседондар, 3-апасиактар  
E) 1-парадарайа, 2-хаумаварга, 3-тиграхауда

- А) 1-кангюи, 2-гиркани, 3-даи  
В) 1-уйсуны, 2-аргиппей, 3-исседоны  
С) 1-сарматы, 2-аримаспы, 3-массагетты  
D) 1-аргиппей, 2-исседоны, 3-апасиаки  
E) 1-парадарайа, 2-хаумаварга, 3-тиграхауда

54. Кестедегі сұрақ белгісіне сәйкес келетін нұсқаны анықтаңыз:

Жетісу	Оңтүстік Қазақстан	Шығыс Қазақстан
Бесшатыр	Шірік-Рабат	?

- А) Есік            В) Шілікті            С) Бәбіш-Молда  
D) Аралтөбе    E) Сынтас

54. Определите вариант, соответствующий вопросительному знаку в таблице:

Жетісу (Семиречье)	Южный Казахстан	Восточный Казахстан
Бесшатыр	Чирик-Рабат	?

- А) Иссык            В) Шиликти            С) Бабиш-Молда  
D) Аралтөбе            E) Сынтас

55. Кестедегі сұрақ белгісі орнына сәйкес келетін кезең мен құрал(-дар):

Ерте палеолит	Кейінгі палеолит	?
қырғыш	найза	?

A)

Орта палеолит
Біз бен ине

B)

Энеолит
Мыс қанжар

C)

Неолит
Дәнүккіш

D)

Мезолит
Садақ пен жебе

E)

Қола дәуірі
Мыс орақ

55. Период и орудие(-я), соответствующий(-ие) вопросительному знаку в таблице:

Ранний палеолит	Поздний палеолит	?
Скребок	Копьё	?

A)

Средний палеолит
Шило и игла

B)

Энеолит
Медный кинжал

C)

Неолит
Зернотерка

D)

Мезолит
Лук и стрелы

E)

Бронзовый век
Медный серп

56. Бұл жол Қаратеңізден Донға дейін, одан кейін \_\_\_\_\_ жері арқылы Орал маңына, әрі қарай Ертіс пен Алтайға дейін жалғасты. Геродот еңбегінен келтірілген үзіндіде бос орынға сәйкес келетін тайпалар атауын анықтаңыз:

- A) тиграхаудалар
- B) парадарайалар
- C) сарматтар
- D) ғұндар
- E) үйсіндер

56. Путь шел из Причерноморья до Дона, оттуда – на земли \_\_\_\_\_, в Приуралье, а затем дальше к Иртышу и на Алтай. Определите название племен, пропущенного в отрывки из труда Геродота:

- A) тиграхаудов
- B) парадарайев
- C) сарматов
- D) гуннов
- E) уйсунув

57. Үйсіндердің әлем туралы түсінігін сипаттайтын археологиялық жәдігер:

- A) Алтын адам
- B) Қарғалы диадемасы
- C) «Мұртты қорғандар»
- D) Үстірт ғибадатханасы
- E) Шілікті алтын жұлдызы

57. Археологическая находка, принадлежащая уйсунам главной тематикой, которой является картина мира:

- A) Золотой человек
- B) Каргалинская диадема
- C) Курганы с «усаами»
- D) Святилище Устюрта
- E) Золотая звезда Шиликти

58. Роксолан, аорс, сирак, алан тайпаларын біріктіретін ерекшелік:

- A) сарматтардың құрамына кірді
- B) үйсіндердің құрамына кірді
- C) Монғолиядан Қазақстанға көшіп келді
- D) Қытайға қарсы жорық жасады
- E) андрон тайпаларына жатады

58. Особенность, объединяющая племена роксоланов, аорсов, сираков, аланов:

- A) входили в состав сарматов
- B) входили в состав уйсунув
- C) перекочевали из Монголии в Казахстан
- D) организовали поход против Китая
- E) относились к андроновским племенам

59. «Бегазы-Дәндібай дәуірі кезінде аталық әулет отбасыларының мүшелері жерленген ірі қабір кешендерінің орнына бір адам жерленген қорғандар пайда болды. Археологтар онда өлікпен бірге көмілген соғыс арбаларын, көптеген әшекей бұйымдар, қола пышақтар, ат әбзелдері мен мал сүйектерін тауып алды».

Мәтінге қай тұжырым сәйкес келетінін анықтаңыз:

- A) шаруашылықта алғаш рет жылқы қолға үйретілді
- B) қоғамда аналық ру үстемдігі дамыды
- C) қоғамда әлеуметтік теңсіздік дамыды
- D) қоғамда бір адам билігі үстемдік құрды
- E) өнерде полихромды стиль басым болды

59. «В бегазы-дандыбаевскую эпоху вместо больших могильных комплексов, где хоронили членов патриархальной семьи, стали появляться курганы, где был похоронен один человек. Археологи находят погребения с захоронением боевых колесниц, большого количества золотых украшений, бронзовых ножей, конского снаряжения и животных».

Определите, какое утверждение соответствует тексту:

- A) в хозяйстве впервые была одомашнена лошадь
- B) в обществе преобладали матриархальные отношения
- C) в обществе существовало имущественное неравенство
- D) в обществе установилась власть одного человека
- E) в искусстве преобладал полихромный стиль

60. Егер Сіз Андрон тайпасының егіншісі болсаңыз, қай жерге егіс егетін едіңіз?

- A) өзен бойында
- B) тауда
- C) қыр далада
- D) орман ішінде
- E) шөл далада

60. Если бы Вы были земледельцем Андроновского племени, то где бы Вы занялись возделыванием почвы?

- A) у реки
- B) в горах
- C) в степи
- D) в лесу
- E) в пустыне

Жауаптар / Ответы

Математика Логика	1	D
	2	E
	3	C
	4	D
	5	E
	6	B
	7	C
	8	B
	9	D
	10	D
	11	C
	12	B
	13	D
	14	B
	15	C
	16	D
	17	E
	18	D
	19	E
	20	E
	21	A
	22	B
	23	D
	24	C
	25	C
	26	C
	27	D
	28	B
	29	C
	30	B
	31	A
	32	B
	33	C
	34	B
	35	B
	36	C
	37	C
	38	E
	39	B
	40	A

Қазақ тілі (қазақ тобы)	56	A
	57	C
	58	B
	59	C
	60	B
	61	B
	62	D
	63	D
	64	D
	65	A
Қазақ тілі (өзге ұлт тобы)	56	D
	57	D
	58	B
	59	C
	60	C
	61	C
	62	C
	63	E
	64	A
	65	E
Қазақстан тарихы История Казахстана	66	B
	67	A
	68	E
	69	B
	70	D
	71	C
	72	B
	73	A
	74	C
	75	A